

### **Қазақ тілінде фонетиканы оқыту.**

Еліміздегі басты мәселелердің бірі – АИР және қазақ диаспорасы тыңдаушылары мемлекеттік тілде қарым-қатынасты жүзеге асыруы. Осы мәселені іске асыру барысында ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде мемлекеттік тілді жаңаша әдіс-тәсілдермен, технологиялармен оқыту жолдары қарастырылуда. Тыңдаушының белсенділігіне ерекше әсер ететін фактордың бірі – тыңдаушының айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы. Сондықтан сөйлеушіге болсын, тыңдаушыға болсын фонетикалық дағдыларды меңгерудің маңызы зор. Себебі, фонетикалық тұлғалардың жазылу, оқылу, айтылу ережелерінің дұрыс қолданылуы сөйлеуші үшін де, тыңдаушы үшін де ортақ. Фонетиканы оқытудағы ең басты мақсаты – тек дыбыстарды меңгерту ғана емес, тыңдаушыны қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айтып, жаза білуге, ойын толық, еркін жеткізе білуге үйрету. Сондықтан субъектінің қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту деп, оқу үрдісінде жүйелі түрде коммуникативтік технологияны қолдану болып табылады.

Қазақ тілінің фонетикасын тыңдаушыларға қатысымдық құзіреттіліктерін дамыту үдерісі, фонетиканы қатысымдық тұрғыдан меңгерудің ұтымды әдістері. Қазақ тілінің фонетикасын тыңдаушыларға :

1. қатысымдық құзіреттіліктерін дамытудың ұтымды әдістемесін, жолдарын, әдістерін, модельдерін ұсыну; қатысымдық тапсырмалардың өзіне тән белгілерін анықтау.
2. қатысымдық тапсырмаларды анықтау және олардың қазақ тілінің фонетикасын меңгертудегі ұтымдылығын айқындау;
3. қазақ тілінің фонетикасын қатысымдық құзіреттіліктерін дамытудың ұтымды жолдарын көрсету;
4. қатысымдық тапсырмалардың тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Қазақ тілінің фонетикасын тыңдаушыларға қатысымдық құзіреттіліктерін дамыту біріншіден, олардың дыбыстарды есту, айту және жазу дағдыларын жалаң түрде емес, сөз, сөйлем, мәтін ішінде меңгертуге мүмкіндік береді; екіншіден, тыңдаушылардың фонетикалық дағдылары тұрақталады; тілдік қатынас дұрыс іске асады; үшіншіден, қатысымдық модельдерді қолдану арқылы тыңдаушының білім сапасы артып, дұрыс сөйлеу қабілеті дамиды.

Тыңдаушылардың белсенділігіне ерекше әсер ететін фактордың бірі – тыңдаушының айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы. Фонетиканы оқытудағы ең басты мақсат – тек дыбыстарды меңгерту ғана емес, тыңдаушыны түсінікті сөйлеуге, яғни айтар ойын дұрыс жеткізе білуге үйрету. Фонетиканы оқыту арқылы тыңдаушылардың қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда ең алдымен олардың тілдік қатынасқа негіз болатын ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай жасау қажет. Себебі ең алдымен адам ойын біреуге жеткізу үшін сөйлем құрастыра білуі керек. Сөйлем дыбыстардан құралған сөзден және сөз тіркестерінен тұратыны дәлелді қажет етпейді. Ойлау қабілеті күшті дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.

Тыңдаушыларға фонетиканы қатысымдық тұрғыдан оқытудан лингвистикалық негіздерін қарастыруда тілдің заңдылықтарына, фонетикалық ережелерге, орфоэпиялық және орфографиялық нормаларға, үндестік заңдарын игеру жолдарына көңіл бөлінді.

Қазақ тілінің табиғаты мен заңдылықтарын үйренбей тұрып, тыңдаушы өз ойын басқаға жеткізе алмайды, қазақ тілінде сөйлей алмайды. Тыңдаушының тілдік қорында сөздер қаншалықты көп болғанымен, оларды бір-бірімен байланыстыру ережесін білмесе, тыңдаушы ойын дұрыс жеткізе алмайды.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесін өткенде дыбыстардың пайда болу жолдары, дыбыстау мүшелері, олардың сөйлеу кезіндегі қызметі меңгеріледі. Дыбыс деген ұғымға назар аударылып, оның айтылу, естілу жағдайына бақылау жасалынады. Сондай-ақ, сөздегі әр дыбыстың саны мен мәні әр түрлі болса, сөздің мағынасы да өзгеше болатыны туралы мәлімет беріледі. Мысалы, ал-әл, сан-сән, күндіз-күндіз, т.б. Осылайша сөздің басында, ортасында, аяғында дыбыстардың өзгеріске түскенін байқаған тыңдаушы сөз мағынасын түсінуге тырысады. Қазақ тілі фонетикасын тыңдаушыларға таныстырғанда үндестік заңына ерекше назар аударған жөн.

Тыңдаушының қарапайым жан қуаттарының бірі – түйсік. Түйсік – тыңдаушыға тікелей әсер ететін сыртқы факторлар мен тітіркендіргіштердің әр түрлі жеке қасиеттерінің мида бейнеленуі болып табылады. Жалпылау, жинақтау, топтастыру, талдау әрекеттері арқылы ғана адам қабылдаған затының мағынасын нақты ұғады.

Фонетиканы қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда тыңдаушы зейінінің негізгі сапаларын жетілдіру қажет. Себебі, егер тыңдаушы белсенді ойлау қызметіне тартылмаса, онда ол зейінінің тұрақсыздығына әкелді. Бұл тыңдаушының фонетикадан игеретін білім сапасына кері әсерін тигізеді.

Тыңдаушылардың фонетиканы қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда оқытушы мен тыңдаушылардың екі жақты әрекетіне көп көңіл бөлінді. Өйткені бұл – бір жағынан, қазақша тілдік қатынасқа үйретудің жалпы мақсаттары және міндеттерімен анықталатын объективті әрекет, екінші жағынан – тыңдаушының өзіндік мақсаты, міндеті және қызығушылықтарымен айқындалған жеке, субъективті әрекет.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін қатысымдық тұрғыдан меңгерту үшін қатысымдық тапсырмалар жүйесін жасау қажет. Мұндай тапсырмалар жүйесі қатысымдық тұлғалардың модельдеріне негізделеді. Әр сабақта бұрыннан өтілген дыбыс, буын, сөзге қатысты модельдер түрленіп отырады. Әрі қарай әр сабақ сайын жаңа сөз, жаңа сөйлемдер қосыла береді, соның нәтижесінде берілетін материалдың ішіндегі қатысымдық тұлғалар да біртіндеп күрделене береді. Олар біртіндеп диалог, монолог, тұтас мәтін сияқты күрделі қатысымдық тұлғаларға айналады. Осылардың бәрін тыңдаушылар өздері шығармашылықпен орындайды. Тек тыңдаушылар өздеріне оқытушы ұсынған алғашқы модельдердің құрылымын жақсы меңгеріп алса болды. Жаңа модельдерді соларға қарап өздері оңай-ақ құратын болады.

Дауыстыларды дауыссыздармен бірге айту үшін мынадай дыбыстық модельдер қолданылады: “БА – БЕ - БӨ - БӨ - БО – БҰ – БҮ – БЫ – БІ”.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстарды осы модельдермен айтқызу арқылы тыңдаушылар дыбыстардың құрақтық модельдерін игере бастайды. Дыбыстық құрақтарды меңгерудің бірнеше ішкі тәсілдері бар. Мәселен, қатаң-ұяң құрақтарды өзара салыстыра айтқызу ҚА – ҒА, ПА – БА, ТА – ДА, т.б.

Тыңдаушының дұрыс сөйлеуін, әдеби нормаға сай сөйлеуін бақылап, түзетіп отыру үшін әр түрлі модельдер арқылы артикуляциялық базаны қалыптастыруға арналған жаттығу жұмыстарын ауызша орындалады.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін тыңдаушыларға меңгертуде жай сөйлем модельдерін пайдалану өте ұтымды. Бұл модельдер мысалы, мынадай құрылымнан тұрады:

Сен ... бар(кел).

Мысалы, Сен мектепке бар (Сен досыңа бар. Сен әжеңе бар. Сен киноға бар.) Сен үйге кел (Сен маған кел. Сен мектепке кел).

Сен ... қара (айт).

Мысалы, Сен киноны қара (Сен суретті қара. Сен терезеге қара). Сен өлең айт (Сен сабақ айт. Сен әңгіме айт. Сен маған айт).

Маған ... керек.

Мысалы, Маған кітап керек. Маған дәптер керек.

Мен ... оқимын.

Мысалы, Мен мектепте оқимын. Мен 4-сыныпта оқимын. Мен ертегі оқимын.

Мен ... ішіп отырмын.

Мысалы, Мен шырын ішіп отырмын. Мен тамақ ішіп отырмын.

Сөйлем модельдерінің мағыналық құрылымын меңгертуде тыңдаушыларға олардың алдымен қайсысы, соңында қандай түрі берілетінін анықтап алу қажет.

Тыңдаушылар сөйлем модельдерін әбден меңгергеннен кейін, оларды одан әрі күрделендіре түсу қажет. Ол үшін істелетін іс-әрекетке бару, шығу бағытын, орындалу мезгілін, орнын, уақытын, неге, кімге тәуелділігін білдіретін қатысымдық тұлғалар біртіндеп түрленеді. Мысалы, Сен әкел моделі бойынша тыңдаушылар тақтаға кезекпен шығып, төмендегідей жаңа модельдер құрайды.

Сен әкел.

Сен қарындаш әкел. (Сен қалам әкел).

Сен қара қарындаш әкел. (Сен ақ қалам әкел).

Сен үш қара қарындаш әкел. (Сен екі ақ қалам әкел).

Сонымен тыңдаушылар алдымен бұйрық мәнді бір сөйлем моделін кеңітіп толықтырады. Содан кейін оқытушының нұсқауымен осы модельдерді негізге ала отырып, әр тыңдаушы орындарында отырып, бұйрық мәнді жаңа сөйлем модельдерін құрады.

Қазақ тілі сабағында тыңдаушыларды шығармашылыққа баулу әдісін дыбыс жүйесі бойынша келесі жұмыстарды ұйымдастыру барысында жүзеге асырады:

- а) дыбыс жүйесі бойынша берілген материалдың түрін өзгерту;
- ә) мәтінді көшіру;
- б) тыңдаушылардың берілген материалды мазмұндауы;
- в) шығармашылық диктанттарды жаздыру;
- г) эссе жаздыру.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесін меңгерту төмендегі қатысымдық тапсырмалар жүйесін орындау барысында жүзеге асады. Олар:

- дыбыстармен буын, сөз моделін құру;
- буын, сөз модельдерімен сөйлем моделін құру;
- сөйлем модельдерімен диалог және монолог (мәтін) құру;
- дыбыс жүйесіне негізделген ойын арқылы тыңдаушылардың сөйлеу дағдысын дамыту;
- дыбыс жүйесі бойынша берілген моделдердің түрін өзгерту;
- дыбыс жүйесін қатысымдық тұрғыдан меңгертуге арналған жазба жұмыстарын орындау;
- дыбыс жүйесін жан-жақты меңгерту үшін техникалық құралдарды қолдану.

Тәжірибеге дейін және одан кейін нәтижелерді салыстыра отырып, қатысымдық әдісі арқылы қазақ тілі фонетикасын игертудің ерешеліктері, әдістеменің тиімділігі анықталды. Тыңдаушылардың қазақ тілінің дыбыс жүйесі бойынша алған білім сапасы және қатысымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуы, дамуы тексерілді.

Тыңдаушыларға қазақ тілінің дыбыс жүйесін меңгерту барысында қатысымдық тұлғалармен: сөз, сөйлем, мәтінмен жұмыс жасау олардың тілді тез сапалы игеруіне септігін тигізеді; тыңдаушылардың қазақша тілдік қатынасқа еркін түсу мүмкіндігі артады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБҚ, 2000. – 208 б.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы. – 2003. №12 // Дыбыстар жүйесін қатысымдық тұрғыдан оқытудың тәрбиелік мәні.

“Ізденіс” журналы. – 2003. №4(2) // Қазақ тілі фонетикасын орыс мектебі оқушыларына оқыту мәселесінің зерттелуіне қысқаша шолу.

“Білім” журналы. – 2002. №2(8) . Дауыстылар жүйесін оқыту барысында орындалатын жаттығу жұмыстары